

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАН ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

ДЖАНГУЖИЕВ М. С.

докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

ХІХ ғасырдың екінші жартысы – ХХ ғасырдың басындағы Қазан қаласының мәдени-ағартушылық әлеуеті заманымыздың маңызды, актуальды мәселелерінің бірі. Халықтар арасындағы мәдениет байланыстарын зерттеу, бұл байланыстың негізгі түрлері мен жолдарын анықтау, және оларға ғылыми талдау жасау ғылымының маңызды проблемасына айналып отыр.

Себебі татар халқы қазақ халқымен ұзақ ғасырлар бойы тығыз байланыс жасап келе жатқан халықтарының бірі болып табылады. Ұлы татар ақыны Ғ.Тоқай: «Бұл достықтың тамырлары, Ғасырлардың түбінде» [1], демекші, қазақ пен татар халқының арасындағы тарихи тағдырластық екі елдің саяси-экономикалық және мәдени өміріне, соның ішінде әдебиетіне де әсерін тигізіп, олардың өзара байланыс жасап, жақындасуына себеп болды. Мұны, әсіресе, екі халықтың ежелден бері келе жатқан ескі ауыз әдебиеті үлгілері мен көне әдебиет нұсқаларынан анық көруге болады. Тағы бір айта кететін жай: қазақ пен татар халқы бір-бірінің ертегі әңгіме, өлең-жырларын жатсынбаған, қайта жақын тұтып, жаттап алып, тіпті иемденіп кеткен. Мәселен, жастар ойын-тойларда, сауық-кештерде татар халқының «Қара орман», «Ғалиябану», «Сандуғаш» сияқты өлең-жырларын білмейтіндер аз-кем болыпты.

ХХ ғасырдың бас кезінде татар әдебиетінің ең көрнекті өкілі, татар халқының ұла ақыны Ғ. Тоқай шығармасы қазақ арасына кең тарады. Тоқайдың есімін де, еңбегін де білмейтін адамды қазақ арасынан табу қиын. Өйткені, Тоқай жырлары қазақ еңбекшілерінің жүрегіне жол таба білді. Тоқай шығармалары қазақ арасынан өзінің көптеген қолдаушыларын тапты. Қазақ ақындарының арасынан «Тоқайша жазу», «Тоқайша жырлау» деген ұғымдар пайда болды. Қазақ ақындары С. Торайғыров, С. Дөнентаев, Ә. Ғалымов, Б. Күлеев, Т. Жомартбаев т.б. Тоқай творчествосынан көп нәрсе үйренді және оның жекеленген өлеңдерін қазақ тіліне аударды [2].

Сонымен қатар татар халқының ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында пайда болған Қазан қаласының көрнекті ақын-жазушылары Ш. Маржани, Қ. Насыри, Ғ. Тоқай және Ғ. Ибраһимов шығармалары қазақ арасына кең тараған. Революцияға дейін қазақ даласына татар кітаптары, журналдары, газеттері кеңінен тарады. Айта кетсек, әсіресе «Шора», «Уақыт», «Жұлдыз» газет-журналдарында қазақ халқының өмірі, тарихы, әдебиеті тақырыбындағы материалдар басылып тұрды. Ал қазақ жазушыларының алғашқы кітаптары Қазан, Уфа, Орынбор, Петербург, Троицкідегі татар баспаханаларында (Кәрімовтер, Хұсайыновтар, т.б.) басылды [3].

ХХ ғасырдың басында татар мәдениеті мен әдебиеті өз алдына ерекше өрлеу жолында болып қана қоймай, қазақ-татар әдебиеттерімен байлыстығының тығыздығы соншалық, тіпті кейбір ақын-жазушыларымыз өз шығармаларын екі тілде қатар жазып, екі әдебиеттің де ортақ өкілі болып кеткен. Нақты дерек ретінде айта кетсек, Қадырғали

Қошымұлы Жалайыри (XVI ғасыр), Ахмет Оразаев Құрмаши, Ақмолла (XIX ғасыр), және Әкрәм Ғалымов (XIX ғасыр) творчествалары, Кашафетдин ибн-Шаһмардан, Сабыржан Мұхаммед-Садықұлы, Фатхулла Бекбауұлы (Қатиев), Ғариф Сейфуллаұлы, т.б. өз шығармаларын қазақ тілінде жазып, таза қазақ жазушысы болып кеткен. Міне, осы шолудың өзінен-ақ қазақ пен татар халықтарының арасындағы мәдени және әдеби байланыстардың қаншалықты күшті болғанын анық байқауға болады.

Бірақ ұзақ жылдар бойы осы мәдени қарым-қатынас пен әдеби байланыс жан-жақты терең, әрі толық зерттелмей келді. Осының салдарынан қазақтар мен татарлар арасындағы мәдени байланыстардың басым бөлігінің көлеңке жақтары көбірек айтылды. Әсіресе діншілдік, ұлтшылдық жақтары тереңірек көрсетіліп, татар қауымындағы прогресшілдік, ағартушылық, демократиялық идеология жақтары есепке алынбады. Себебі бұл татар мәдениеті туралы жазу ұлтшылдықты, діншілдікті, қала берді панисламизм-панкратизмді уағыздағандық деп түсінілді [4].

XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген қазақ, татар ағартушыларының халықпен тікелей байланыс жасаған, көрнекті татар ғалымы Қ.Насыри мен қазақ ағартушысы Ы. Алтынсарин болды. Қазақтың көрнекті ағартушысы-демократ ғалымы Ыбырай Алтынсарин (1841-1889) жастайынан татар ағартушылары С. Кукляшевпен, Х. Фаизхановпен, Қ. Насыримен т.б. жақсы таныс, пікірлес болған. Оған 1850-1857 жылдары Ы. Алтынсаринның Орынбор шекара комиссиясының жанынан ашылған қазақ-орыс мектебінде оқығаны туралы дерек дәлел бола алады. Бұл мектепте ол есеп, тарих, география пәндерімен бірге, орыс, татар тілдерін оқып үйреніп, араб, парсы тілдерінен де мағлұмат алады [5].

Татар ағартушысы С.Б. Кукляшевтің өмірі мен ағартушылық қызметі қазақтармен, оның ішінде Ы.Алтынсаримен тығыз байланысты болған. Салихжан Бекташұлы (1811-1864) Орынбордағы Неплюев училищесінде (1823-1830) білім алып, кейін Орынбор шекара комиссиясында тілмәш (аудармашы) болып істеген. Бірақ училищеде алған білімін қанағат тұтпай, Қазан гимназиясында, Қазан университетінде өз білімін жалғастырған. 1850 жылы тамыз айында мектептің ашылуына қатысып, Ы. Алтынсариннің ұстазы болған. 1859 жылы С. Кукляшев жазған «Татар хрестоматиясы» мен Ы. Алтынсариннің 1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» қараңғы халықтың көзін ашып, санасын оятуға, оларды оқуға, өнер-білімге баулу ісіне бағыштайды. Ы. Алтынсарин татар ағартушыларының ішінен Қаям Насыриден (1825-1902) көп нәрсені үйренді. Ол кісімен өте жақын болды. Қ. Насыри тәрізді Ы. Алтынсарин де 1864 жылдан бастап қазақ балалары үшін жаңа типті мектеп ашып, оларға арнап «Қазақ хрестоматиясы» (1879) атты оқулық жазады. Қазақ балаларына орыс тілін үйрету мақсатында «Начальное руководство к обучению казахов русскому языку» (1879) деген еңбегін жазады. Қ. Насыри «Қазақ татарларының сенімдері мен ырымдары» (1880) атты этнографиялық еңбек жазса, Ы. Алтынсарин де «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамдарды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі» (1870), «Орынбор қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі» (1879) атты мақалаларын жариялайды. Егер Қ. Насыри – татар прозасының негізін салушы, татар балалар әдебиетінің ірге тасын қалаушы, ауыз әдебиеті нұсқаларын жинаушы болса, ал Ы. Алтынсарин өз кезінде қазақ балалар әдебиетінің атасы, халық әдебиеті мен туындыларын жинаған жазушы болған. Сондықтан да Қ. Насыри мен

Ы. Алтынсарин шығармалары тек мақсаты мен тақырыбы жөнінен ғана емес, сонымен бірге идея, мазмұн, түр жөнінен де бір-бірімен үндесіп жатады.

Қаюм Насыридің жазған оқулықтар мен календарлары 1870 жылдардан бастап сол кездің өзінде-ақ қазақ жеріне кең тараған. Қазақ халқы әсіресе оның 1872 жылы жарық көрген «Әбуғалисинна хиссасы» атты аңыз-әңгімесін сүйсініп оқыған. Қ. Насыридың творчествосы қазақ қоғамының өмірінде маңызды орынға ие. Айта кетсек, тарихшы Х. Айдарова, ақын Ж. Сыздықов, журналист Б. Мазитов қазақ баспасөз беттерінде Қ. Насыри туралы бірнеше мақалалар жазып, ұлы ағартушының өмірі мен қызметін кейінгі ұрпаққа кеңінен насихаттап келген [6].

Сондықтан татар халқы ұлы орыс мәдениетін өз бойына сіңіріп қана қоймай, сонымен бірге оны өзімен көршілес отырған башқұрт, қазақ, қырғыз және басқа түркі тілдес халықтар арасына да тарата білді.

XX ғасырдың басы - бұл қазақ-татар әдебиетінің барынша бай да, жемісті кезі болып есептелді. Бұл кезде қазақ әдебиетінде көптеген жаңалықтар, яғни бұрын болмаған повесть, роман, драматургия сияқты әдебиеттің күрделі жанрлары пайда болды. Олар қоғамның ішкі қажеттілігінен туған әдеби байланыстың да елеулі әсері болды.

Қорытындылай келе, XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі Қазан қаласының ағартушылық мәдениеті қазақ-татар өздерінің көп ғасырлық тарихында үнемі бір-бірімен туыстық байланыс жасап, өзара тығыз қарым-қатынаста болып келуіне септігін тигізді және аймақтың қазақ тұрғындары мен татарлары арасында нағыз ынтымақтастық қарым-қатынас орнады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тоқай Ғ. Шығармалары. II т. Қазан, 1956, 31-б.
2. Хайруллин Г.Т. История татар. - Алматы: Изд «Camelot internation», 2010. – 280 с.
3. Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан. Алматы, 1971.
4. Лизунова Е. Современный казахский роман. Алма-Ата, 1964, с. 26.
5. Сүлейменов Б, Жизнь и деятельность Ибраһима Алтынсарина (1841-1889) – Кіт.: Ы. Алтынсарин. Собр. Т, Т. Алма-Ата, 1975. С. 10-17.
6. Қазақ ССР тарихы, I т., 1957; «Әдебиет және искусство», 1952. №9; «Қазақ әдебиеті», 12 март; «Білім және еңбек», 1964, №11.